

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының мәселелері <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 27 қаңтар 1995 ж. N 98. Қаулының атауына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.01. N 1058 қаулысымен. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен. ~ P011369

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы" 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1613 U941613_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 15, 140 -бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

(1 - ш і т а р м а қ) < * >

Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1995.08.01. N 1058 қ а у л ы с ы м е н .

2. Ұлттық комиссия Төрағасына еңбекақы төлеудің, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің, көліктің және медициналық қызмет көрсетудің шарты Министр деңгейінде, ал Ұлттық комиссия мүшелеріне - Қазақстан Республикасы Министрінің бірінші орынбасары деңгейінде белгіленсін.

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1033 қаулысымен. P961033_

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппаратының с а н ы 8 а д а м ғ а қ ы с қ а р т ы л с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық комиссия мен оның атқарушы аппаратын ұстауға қажетті қаражат бөлсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Ұлттық комиссия мен оның атқарушы аппаратын Алматы қаласы, Тимирязов көшесі, 17 мекен-жайындағы қызмет ғимаратына орналастырсын.

7. Ұлттық комиссия мен оның атқарушы аппараты үшін қызметке арналған б жеңіл а в т о м о б и л ь г е л и м и т б е л г і л е н с і н .

8. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ұлттық комиссия мен атқару аппаратын қажетті байланыс түрлерімен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қаржы

министрлігі Ұлттық комиссия мен оның атқару аппараты үшін тұрғын үй құрылысына, қызметтік үй-жайға және әлеуметтік тұрмыстық мақсаттағы объектілерге арналған мемлекеттік күрделі қаржыны және оларды қаржыландыруға арналған қажетті қаражатты жыл сайын қарастыратын болсын.

(1 0 - ш і т а р м а қ) < * >

Ескерту. 10-ші тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1995.08.01.

№ 1 0 5 8 қ а у л ы с ы м е н .

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ұлттық комиссиямен бірлесіп бағалы қағаздар нарығы мәселелерін реттейтін қолданылып жүрген заң актілеріне тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныс әзірлейтін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі